

СЕКЦИЯ 1

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЖӘНЕ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ ЫБЫРАЯ АЛТЫНСАРИНА В ОБЩЕСТВЕННОМ И ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОМ РАЗВИТИИ КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ОЙЛАРЫНЫҢ ЖАРҚЫН ӨКІЛІ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫМЕН ІРГЕТАСЫН ҚАЛАУШЫ- Ы.АЛТЫНСАРИН

Абдиркенова Ақбидаш Қапанқызы,
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті,
PhD доктор,
Сәбитбек Жанерке,
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті,
педагогика және психология мамандығының 4 курс студенті

Аннотация

Өзектілігі: Мақалада Ыбырай Алтынсариннің – өз халқының талантты ұлы, ұлт мақтанышы екендігі, қазақ халқының мәдениетін дамытуға үлкен үлес қосуы, оның еңбектері мен барлық шығармашылығы тарихымыздың алтын қорына енуі, кейінгі ұрпаққа сарқылмас бай мұра қалдырдырғаны сөз етілген.

Мақсаты. Ыбырай Алтынсарин педагогикасының мұраларының негізгі идеяларының бірі – адамның өзара қарым-қатынасы, жастарды еңбекке баулу екенін көрсету. Сонымен қатар жастарды оқу – білім, өнерге үндегенде айтпақ пікірін оқушы зердесіне сіңіру үшін әр түрлі ұстаздық амал тәсілдерді қолданатындығын дәріптеу.

Түйінді сөздер: ұлт, халық, педагог.

Аннотация

Актуальность: В статье говорится, что Ибрай Алтынсарин – талантливый сын своего народа, гордость нации, большой вклад в развитие культуры казахского народа, его произведения и все его произведения входят в золотой фонд нашей истории, оставляя неисчерпаемое богатое наследие.

Цель. Одной из основных идей наследия педагогики Ыбырая Алтынсарина является взаимодействие человека, приобщение молодежи к труду. А также популяризировать использование различных педагогических приемов для приобщения молодежи к чтению, искусству.

Ключевые слова: нация, народ, педагог.

Annotation

Relevance: The article says that Ibrai Altynsarin is a talented son of his people, the pride of the nation, a great contribution to the development of culture of the Kazakh people, his works and all his works are included in the golden fund of our history, leaving an inexhaustible rich heritage. generations. Altynsarin remained such a great personality in the memory of the Kazakh people.

Goal. One of the main ideas of the legacy of Ybyyrai Altynsarin's pedagogy is human interaction, the introduction of young people to work. And also to popularize the use of various pedagogical techniques to introduce young people to reading and art.

Keywords: nation, people, teacher.

Қазіргі ғаламдық жаңартулар мен заманауи өзгерістер шеңберіндегі білім берудің мақсаты әлемдік сапа деңгейіндегі жаңа инновациялық білім кеңістігін құру және жас ұрпақты абсолюттік жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде адамгершілікке тәрбиелеу болып табылады. Қоғамдық қажеттілік пен тарихи кезең жүктеп отырған бұл мақсаттың жүзеге асырылуы білім алушылардың өзіндік ұлттық санасы, азаматтық айқындамасы, интеллектуалдық ой-өрісі, жауапкершілік сезімі, жалпы мәдениеті және шығармашылық қабілеттеріне байланысты екендігі сөзсіз. Сол себепті бүгінгі оқыту үдерісінде жеткін-

шектердің өзін-өзі тануы, өзін-өзі дамытуы, өзін-өзі басқаруы және өзін-өзі іске асыруы олардың әлеуметтенуіндегі стратегиялық бағыттардың бірі деп саналады.

XXI ғасырдағы адамның руханилығы, оның шығармашылық интеллектісі, жаңалықтарға ашықтығы қоғамның негізгі капиталы ретінде бағаланады. Жаңа ғасыр жастарының білім мен біліктілігін, дағдысы мен шеберлігін, адамгершілік қадір-қасиеттерін, дүниетанымдық көзқарастарын, салауаттылық дағдыларын, жағымды мінез-құлық нормаларын рухани-адамгершілік құндылықтар арқылы қалыптастыру – үлкен қажеттілік екендігі ҚР білім беру саласындағы ресми нормативтік құжаттардың бәрінің негізіне салынған. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі, білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, азаматтық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, жеке адамның еркін дамуының басымдығы, жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту мәселелері» айрықша атап көрсетілген [1, б.51].

Осынау ауыр заманда білім алып, ат жалынын тартқан Ыбырай Алтынсарин білімді сол кезде – ақ ұран қылған. Елді қорлықтан құтқаратын, игілікке бастайтын тек білім деп есептеді. Ыбырай Алтынсарин өзі ашқан мектептерде ана тілінің таза оқытылуына көңіл бөліп, тілашар ретінде халықтың ауыз әдебиетін пайдаланып, өзі де ұрпақ тәрбиесіне арналған әдеби шығармалар жазды. Сол әдеби шығармалары арқылы тіршіліктің өзекті мәселерін көтеруге бет бұрды. Ол қазақтың жазба әдебиетінің, әдеби тілінің негізін қалаушылардың бірі болды. Әдебиетке тың тақырыптар әкеліп, озық ойлар енгізді.

Ағартушының еңбектерін оқи отыра, публицистиканың маңызды сапасын атап өту керек. Өзекті мәселелерге қатысты көзқарасын оқырманға тікелей ұсынады, өзіндік пікірімен бөліседі. Алтынсариннің публицистикадағы ерекшелігі оның кіріспе сөзінің тақырыбын таңдап, оны дайындауынан көрінеді. Оның қаламынан туған мақалаларының көпшілігі шынайы маңызды педагогикалық-адамгершілік бағаға ие. Ы.Алтынсарин шығармаларын зерттеушілер оны Ломоносовтың Ресейге сіңірге еңбегімен бекерге салыстырмайды.

Алтынсарин публицистикасы терең қарапайымдылығымен, жүйелі тілімен ерекшеленеді. Оның туындыларын қазақтың педагогикалық-адамгершілік публицистикасының бастауына қосуға болады. Шығармаларының көпшілігі орыс тілінде жазылғанымен, ол қазақ жазба әдеби тілінің негізін қалаушы. Ыбырай кез-келген тілдің бірегейі оның қайталанбастығында, өзіндік жүйесінің қалыптасуында екендігін түсінді. Баспасөздің күш-қуатына баға бере келіп, Торғай облыстық мектептерінің инспекторы қазақ газеттерінің ашылуына қолдау көрсетті.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығында қазақ қоғамының және ғылыми ойларының жарқын өкілі, шығармашылығымен іргетасын қалаған Ы.Алтынсариннің этнопублицистикасының маңызы ерекше. Қазіргі уақытта жастар арасында тәрбие мен мәдениеттегі келеңсіздіктер көп орын алуда. Келешектің орнын толтыру үшін біздің ойымызша, кейбір жауаптарды Алтынсарин публицистикасынан алуға болады. Тарихи сұрақтардың жаңаны бұзуы теорема секілді дәлелдеуге келмейді. Күнделікті өмірдің даму заңдылықтары мен тарихи үрдіс адамдардың саналы қызметімен тығыз байланысты. Ол өз уақытының тәртібімен өмір сүреді, оларға ерекше қолтаңба қалдыртады.

Ы.Алтынсариннің публицистикалық талантының көркеюіне мына жағдайлар: елдегі сауатсыздық, баспаханалар мен басылымдардың болмауы, патшалық идеологияның үстемдігі кедергі болды. Сол себепті Ыбырай Алтынсарин жазған «Қырғыз хрестоматиясы» газет, журнал беттерін ауыстырып, қазақтарды сауаттандыруда қызмет етті. Жалпы алғанда оны қазақ публицистикасының бастауы деуге болады. Себебі осы кітапта өткен ғасырдың соңындағы көшпенділік, отырықшылық, ағартушылыққа насихаттау, адамгершілік сынды өзекті мәселелер сөз болған. Осы жерде біз қазақ қоғамының

даму жолын, қайта өрлеуін анық байқаймыз. Оның хат түріндегі публицистикасы – отандық публицистиканың жүздеген жылдар бойы дамуына үлгі. Қазіргі кезеңде және болашақта Ыбырай Алтынсариннің білімі мен шынайы талдауға қадам жасауы, публицистиканың мамандырылуы мен кешенділігі оның шығармашылық әлеуеттілігін қайтадан және жаңа масштабта бағалауға мүмкіндік береді.

Ыбырай Алтынсариннің жемісті еңбек етіп, едәуір жақсы шығармалар қалдырған саласының бірі- проза жанры болды. Оның « Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейітқұл», «Киіз үй мен ағаш үй», «Надандық», «Лұқпан хакім», т.б. бірсыпыра шығармалары қоғамдық өмірдің әр алуан жақтарын суреттеуге арналған. Бұл еңбектерінде жазушы өз дәуірінің елеулі мәселелерін көтере отырып, еңбекші халықтың қоғамдық санасын оятуды, тәрбиелеуді мақсат етеді.

«Бай баласы мен жарлы баласы» – Ыбырай шығармаларының биік шыңы. Ол, біріншіден, озық ойларының жемісі әңгіме оқушысын еңбек етуге, өмірін сырын ұғына түсуге бағыттайды. Үсеннің іс-әрекетін жазушы сүйсіне жазады. Асан мен Үсенді салыстыра отырып, олардың адамдық қасиеттерін еңбекке қатысына қарай бағалайды. Бұл әңгімеден сол дәуірден өмір көріністерін, көшпелі тұрмыстың беймаза тірлігін көреміз. Қазақ энциклопедиясы жазушының бұл әңгімесіне орыстың сол кездегі озық ойлы адамдарының көңіл аударғанын Н.Иванов деген журналистің орыс тіліне аударып, «Родник» журналының 1890 жылғы 6-санында жарияланғанын атап көрсетеді.

Ыбырай Алтынсарин Қазақстандағы халық ағарту ісінің тұңғыш абызы. Бұл бағаға ағартушы қандай еңбегімен жетті? Сұраққа бүгінгі өркениетке өркендеу кезеңіндегі көзқараспен жауап берейін. Ең алдымен, Ыбырай Алтынсарин ұлтын жан-тәнімен сүйген ұлтжанды азамат. Он тоғыз жасында-ақ игі іске жол бастаған жігерлі жас болды. Оның жігерін жандырған қараңғыда қамалған қазағының надандығы еді. Қазақ даласында мектеп ашу ісі оңай болмағаны рас. Өкімет пен жергілікті биліктің кедергісіне ұшырай жүріп, тұңғыш қазақ мектебін ашты. Қазақтың даласында «Дала қоңырауы» сыңғырлады. Ұлы ағартушының жүректілігі Мәңгілік елімізді өркендету үшін қызмет атқарып жүрген азаматтарға үлгі боларлықтай. Тың жерден түрен тартып, дән сепкен дихандай өз ісіне құлшына кіріскен ұстаздың алдында оңайлықпен алынбас қамалдар тұрды. Біріншіден, оқушы алдында оқулық болмады. Не оқытам, қалай оқытам деген сұрақтың да жауабын талмай іздену арқылы 1879 жылы қазақтың тұңғыш оқулығын жазып шығарды. Екіншіден, «Барлық күш-жігерімді олардың мінез-құлқына да ықпал етуге жұмсаймын» деген ағартушы озық өнер-білімді, мәдениетті мектеп арқылы таратуды мақсат етіп қойды. Оның озық идеялары бүгінгі күн талабымен нақты ұштасып жатыр. Оқулықтың алғашқы бетіне «Кел, балалар, оқылық» өлеңін жазуы да тегіннен тегін емес. Өйткені оқушының басты міндеті – жаппай білім алу. Ақын-ұстаз «Оқысаңыз, балалар, шамнан шырақ жағылар» деп білімнің пайдасын уағыздап тұр. Бүгінгі күннің өткір мәселесінің бірі – балаларға терең білім беру. Кейбір жастардың «ақшам болса, білімсіз күн көре аламын» деген қате түсінігіне еңбексіз табылған байлықтың баянсыздығын жетелеріне құйып тұр емес пе!? Үшіншіден, «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңінде ғылымның жетістіктерін тікелей мадақтай келіп, озық елдің салтын баяндайды. Бұл идея – жаһандандудың алғышарты. Әр сөзін ұлт болашағына арнаған Ұлы Ұстаз надандықтың қамалын ерен еңбегімен бұзды. Сондықтан, ақын-жазушының шығармалары тереңдетіліп оқылса, тәрбие діңгегі мызғымас еді.

Ыбырай Алтынсарин өмірінің соңғы минутына шейін ұстаз болып, талай жаңалықтың жаршысы болды. Инспекторлық қызметті атқара жүріп, облыс, уез орталықтарында училищелер ашты. Ырғыздағы ашылған қыздар мектебі мен Омскіде тұңғыш мұғалімдер мектебі де осының айғағы. Торғайда тұңғыш ашылған қолөнер мектебінің жұмысын алға бастыру да оңайға соққан жоқ. Қазіргі таңда «Рухани Жаңғыру бағдарламасы аясында» Құдды Ыбырай атамиздың дәуірі қайта жаңғырып, қайта оралғандай. Қазіргі еңбек нарығы талаптарына сай, түрлі салада қызмет көрсете алатын мамандық

иелеріне сұраныс артуда. Иә, ұлы Ыбырай Алтынсариннің негізін қалаған кәсіптік білім беру ісі бүгін де лайықты жалғасын тауып, жандана түсуде.

Қорыта келгенде, жерлес ақынымыз Ыбырай Алтынсарин-қазақ халқының үлкен мақтанышына айналған ірі тұлға, ұлы ұстаз, тұңғыш ағартушы-ғалым, шебер жазушы, фольклоршы, этнограф. Ол өзінің бар күш-қуатын, қайрат-жігерін халқына қызмет етуге арнады. Ұлы тұлғаның педагогикалық, әдеби еңбектері мәңгілік рухани мұраға айналып отыр. Қазақ даласында тұңғыш мектеп ашқан Ыбырай Алтынсариннің келешек ұрпақ үшін атқарған еңбегі күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ [3, б.10-11]. Ыбырай атамның бар арманы- қазақ баласына білім беріп, сауатсыздықты жойып, дегеніне өз қарапайымдылығымен өолын жеткізсе, қазіргі жаһандану кезеңінде ана тілінде білім беру үрдісін Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауындағы мектептердің жаңадан ашылуының, жаңа технологиялық әдістерді пайдалану ұрпақтың келешекте үш тілді еркін игеруіне мүмкіндік беріп отыр. Бұл ақынның асыл армандарының іске асқаны деп білем.

«Біз болмасақ, – сіз барсыз, сіздерге берем батамды, үміт еткен достарым» деген ұстаздардың ұлы ұстазы қазіргі жастарға кеңес береді, тәрбиелейді, ғибрат алғызады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы // Егемен Қазақстан. – 15 тамыз. – 2007. – 5-8 б.
2. Алтынсарин Ы. Тандамалы шығармалары. – Алма-Аты: Ғылым, 1994. – 280 б.
3. Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы. 1 том: Өлеңдер. Этнографиялық еңбектер. Ғылыми-әдістемелік шығармалар. – Алма-Аты, 2003.

«НЕ СЛУЖБА, А БОГОМ ДАННОЕ ПРИЗВАНИЕ» (И. АЛТЫНСАРИН)

Абедчанова Ляйля Темиртасовна,
преподаватель иностранного языка,
Костанайский колледж автомобильного транспорта, г. Костанай

Аннотация

Өзектілігі: Мақала көрнекті әдебиетші, ағартушы, өзінің әдеби шығармашылығымен публицистикасымен туған елі – Қазақстанда тек қазақ және орыс жазуының ғана емес, сонымен қатар ағартушылық және педагогикалық қызметтің бастауын қалаған Ы. Алтынсарин туралы ақпараттық амтиды және осыған ерекше екпін жасалады.

Мақсаты: І. Алтынсарин қызметінің маңыздылығын көрсету және белгілі отандасына, сондай-ақ Қазақстанның білім беру жүйесіне деген жеке көзқарасын білдіру.

Түйінді сөздер: І.Алтынсариннің педагогикалық көзқарастары, қазақ және орыс жазуы, үштілділік.

Аннотация

Актуальность: Статья содержит информацию об И. Алтынсарине, выдающемся литераторе, просветителе, педагоге, который своим литературным творчеством и публицистикой положил начало не только казахской и русской письменности в родной стране – Казахстане, но и просветительской и педагогической деятельности, на которой делается особый акцент.

Цель: Показать значимость деятельности И. Алтынсарина и выразить личностное отношение к знаменитому земляку, а также к образовательной системе Казахстана.

Ключевые слова: педагогические взгляды И. Алтынсарина, казахская и русская письменность, трехязычие.

Abstract

Relevance: The article contains information about I. Altynsarin, an outstanding writer, educator, teacher, who, with his literary work and journalism, laid the foundation not only for the Kazakh and Russian writing in his native country – Kazakhstan, but also for educational and pedagogical activities, which is what special emphasis is placed on.